

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының кезектен тыс жиырма бірінші сессиясының 2005 жылғы 19 қазандағы N 173 шешімі. Ақтөбе облысының Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2005 жылғы 28 қазанда N 3-1-25 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2012 жылғы 27 қазандағы № 85 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2012.10.27 № 85 Шешімімен.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6, 7 баптарына сәйкес, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, көліктің, инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуін, жасыл желектер мен шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1. Ақтөбе қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер және пикеттер өткізу жерлері болып келесі орындар белгіленсін:

"Авиақалашық" ауданындағы стадион;

облыстық халық шығармашылығы үйінің мәжіліс залы (Әйтеке би көшесі, 39)

;

облыстық "Алақай" қуыршақ театрының көрермендер залы (Бейбітшілік даңғылы, 17 "А").

Ескерту: 1 тармағына өзгерістер енгізілді - Ақтөбе қалалық мәслихатының кезектен тыс екінші сессиясының 2007 жылғы 30 қазандағы N 17 шешімімен.

2. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

Сессия төрайымы

Мәслихат хатшысы